

КЕЛЕШЕККЕ БЕТ АЛҒАН КЕРУЕН

«Невада—Семей» антиядролық қоғамдық қозғалысының әлемге жар салған дауысы естілген күнінен бері небары он ай мерзім өтті. Ал қазақ даласы үшін сол бір қаралы күн басталғанына қырық жыл. Қазақстан тарихының қара кітабына кірерлік бұл қасірет — Семей ядролық полигонында демін ішіне тартып жасырынған ядролық алапат.

Осы қысқа мерзім ішінде қозғалыс активистері орасан зор жұмыс жүргізді. «Неваданың» үнін бүгінде жұмыр Жердің барлық ақ инетті адамдары біледі. Оны республика жұртшылығы, бүкіл еліміз бен шет елдер қолдады. Мәселен, шет елдің 57 қоғамдық ұйымы ядролық қарусыз олем үшін ынтымақтаса күрес жүргізуге тілек білдірді. Семей ядролық полигонына жақын жерде орналасқан Қарауыл селосында өткен халықаралық қарсылық акциясы, жаппай қырып-жою қаруын сынауға қарсы республика облыстарында өткен ондаған қарсылық митингілері, барлық елдердің парламенттеріне үндеуге қол қойдыру — күні кеше атқарылған істер.

«Невада—Семей» қозғалысының бөлімшелері қазір тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге Якутияда, Москвада, Россия Федерациясының көптеген облыстарында жұмыс істейді. Халықтық дипломатия өз жемісін беруде. Оған полигонның бес ай «үндемегені», өткен жылдың 8-шілдесінде қуатты 20 килотоннаға дейінгі кезекті жарылысты өткізу кезінде қырық жылдың ішінде бірінші рет жұртшылық пен бұқаралық пиформация құралдарының қызметкерлерін қатыстыруы куә.

Бұдан әрі не болды деп сұрайсыздар ғой. Иә бұдан әрі әскери қызметкерлер сол бір бес ай «үнсідіктің» орнын толтырғысы келгендей болды. Олар жіберіп алған мүмкіндіктің қарымтасын қайтаруға асықты. Газеттерде тағы да, кейде сәл кешігіп, біз үшін үйреншікті болған ТАСС хабарлары пайда бола бастады. Қатарынан үш күн: 2-қыр-

1980 жылғы 23-қазандағы НИППОН КЭЙДЗАЙ СИМ-БУН:

19-қазанда СССР-де «...ядролық қаруды сынау және жетілдіру мақсатында» қуатты 20-дан 75 килотоннаға дейінгі жер асты ядролық жарылысы жасалды.

Өзіміздің кеншілер қаласына келетін болсақ, қарсылық митингілері Қарағандыда 22-қазанда, ал қанаттас қалаларда 21-қазанда өтті. Оларда Семей полигонын жабу туралы талаптар қабылданды. Телеграмманың тексі М. С. Горбачевтің атына жіберілді. Желтоқсанның басында «Невада—Семей» қоғамдық қозғалысының екінші республикалық конференциясы өтті. Оған тек активистер ғана емес, сонымен бірге Россиядан, Украинадан, Азербайжаннан, Якутиядан қонақтар жиналды. Онда қалың бұқараны бейбітшілікті сақтау жолындағы барынша белсенді күреске тартуға, жергілікті жерлерде нақты шараларды жүргізуге, бүкіл халықтық экологиялық және антиядролық қозғалысты кең өрістетуге бағытталған он ай дерлік табанды жұмыстың қорытындылары шығарылды.

Елу жылдың ішінде бейбіт және әскери деп аталатын ядролық техника ұлғайып өсті. Шынтуайтына келгенде, табиғатта бейбіт ядролық технология жоқ. Өйткені ядролық реакция дегеніміз — ыдырау. Ал кез келген ыдырау — жеке адамның ыдырауы, ядроның ыдырауы табиғатқа да, адамзатқа да жат. Нәсіліне, ұлтына қарамай барлық халықтардың ядролық жарылыстарды жек көруі тұрғысында бірігуі міне сондықтан.

Қазіргі заманғы сайлаушы — айрықша тап. Сондықтан бүкіл дүние жүзінің сайлаушылары өздерінің іс-әрекеттерін шоғырландыруға бекінді. Олар «Невада—Семей» қозғалысының президенті О. О. Сүлейменовтің бастамасы бойынша 1990 жылғы мамыр-маусымда Алматы қаласында сайлаушылардың бүкіл дүниежүзілік конгресін өткізу туралы ұсынысты қызу қолдады. Бұл конгрестің негізгі документі Декларация болады. Оны би-

Ядролық сынақтарға қарсы демонстрациядағы 6 мың адам.

ылғы маусымдағы кездесулерінде Дж. Буш пен М. Горбачевқа тапсыру жоспарланып отыр. Ендігі бір жүзеге асқан үлкен істі біз «Невада—Семей» қозғалысының үйлестіру советінің мүшесі, медицина ғылымының докторы, профессор Майра Белгібайқызы Жаңелованың сөзінен естіп-білдік. 22—23-желтоқсанда Семей қаласында алғашқы рет полигонның құпиясын қасақана жасырған адамдарға жасалған эксперименттерге қатысқан әскери қызметкерлерге қоғамдық трибунал болып өтті.

Республикалық конференцияда алда істелетін жұмыстардың программасы жасалды. «Невада—Семей» қозғалысының жұмыр Жердің бүкіл азаматтарына — Әлем сайлаушыларына Үндеуі қабылданды. Онда мынадай идея ұсынылған: әр елдегі парламентті сайлау кезінде әрбір адам өз программасында қарусыз өмір сүру мәселесін басым қоятын кандидат үшін, яки бейбітшілік үшін дауыс бере алады.

Сондай-ақ барлық елдердің еріктілерінен құралған антиядролық жорық белгіленді. Ол «XXI ғасырға бет алған Бейбітшілік көші» деген атпен Қарауыл селосынан шығып, Қытайдың ядролық полигондары арқылы Хиросима мен Нагасакиге, одан әрі Невадаға өтеді.

Көріп отырсыздар, ядролық қарусыз әлем үшін күресте біз бір орында тапжылмай тұрған жоқпыз. Осы ретте Махатма Гандидің «Ізгілік ұлудың жылдамдығымен жылжып жетеді» деген даналық сөздері еріксіз еске түседі.

Н. ІЗБЕМБЕТОВА,

«Невада—Семей» антиядролық қозғалысы қалалық комитетінің мүшесі.